

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ПЕДАГОГТИҢ ІС-ӘРЕКЕТІ



Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде тегін оқуға құқылы делінген.

Балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе болып табылады. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары өзекті мәселе ретінде қарастырыла отырып, оны дамытуға ерекше көңіл бөлінуде.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында «Қазақстанды бүкіл дүниежүзі тануы үшін ең алдымен бізге білімді ұрпақ қажет ...» деп атап көрсетті. Сондықтан елімізге жаны мен тәні сау бала қажет.

Оқу үрдісіне қойылған қазіргі заман талаптары мұғалімдердің алдына ғылым негізін игеру жетістігін ғана емес, мүмкіндігі шектеулі баланың жан-жақты дамып, алған білімдерін

іс жүзінде қолдана білуге үйрету, қоғамға кіріктіру міндетін қойып отыр.

Көруінде ақауы бар баланы дұрыс бағыттап оқыту – оның жалпы дамуына, әрі қарай қоғамдық өмірге бейімделуіне, көздегі кемшіліктен болған басқа да физиологиялық, психологиялық жетіспеушіліктің орнын толтыруға ықпал етеді.

Соқыр және нашар көретін баланың күнделікті өмірі күрделі және көп деңгейлі. Ол білім алумен, кеңістікті бағдарлаумен, қоршаған орта шындығын қабылдауымен, өз күн тәртібін қадағалап, реттеуімен күрделі. Осының барлығы баладан жылдам ойлауды, ерекше мұқияттылықты, икемділікті, тез есте сақтауды т.б. қатынастарды талап етеді. Кейде бұл талаптар баланың психологиялық, физиологиялық шамасының шегіне жетеді. Оқу және еңбек талаптарының сәйкессіздігі психологиялық, физиологиялық ағза қасиеттерінің ауруларына және қатты ашушаңдыққа әкеледі. Мұны оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда қатаң түрде ескеру қажет. Сондықтан оқу-тәрбие іс-шаралары дұрыс бағытта жүргізілсе, баланың дамуы да өз деңгейінде болатындығын атап өтуге болады.

Тифлопедагогиканың алдына қойған мақсаты – әрбір баланы оқытып-тәрбиелеуде жүйелі түрде түзету жұмыстарын жүргізу және ауытқушылықтың орнын толтыру, баланың қозғалу аумағында көзді

сақтау, көру ақаулығын, естуін, сезуін, яғни барлық көмекші сезімдер жүйесін пайдалана отырып түзету.

Қоғамның жаңа даму кезеңіндегі тифлопедагогика және тифлопсихология мәселелері туралы әңгімені зағип жандарға шарасыз, бейшара адамдарша қарау секілді ескі түсініктерден бастау керек сияқты.

Тифлопедагогикалық талаптар міндеттерді қою және шешу арқылы жүзеге асырылады. Бұл міндеттердің шешімі, олардың сапасы мен нәтижесі, педагогтердің біліктілігі мен кәсіби сауаттылығына байланысты. Түзету мектебінің әрбір педагогі – балалар психологиясының негіздерін, анатомия және физиологияны, сондай-ақ дефектология негіздерін меңгермей, түзету жұмыстарының міндеттерін шеше алмайды.

Дефектология ғылымы дәлелдегендей, егер түзету жұмысы процестері ғылыми ұйымдастырылған түрде жүргізілсе, кез келген зағип және нашар көретін баланы бөлектенуден немесе оңашаланудан шығарып алуға болады.

Тифлопедагогикада маман тапшылығы үлкен мәселе болып табылады. Сабақ беруші мұғалім дефектология принциптері мен заңдылықтарын білмесе, ол көзі көрмейтін немесе нашар көретін баланың даму процестерін ғылыми сауатты ұйымдастыра да, басқара да алмайды.

Біздің жұмысымызда ұсақ проблема деген ұғым болмайды, себебі бүкіл мәселелер балалар тәрбиесіне әсерін тигізеді. Дәрігердің кәсіби шеберлігін –

олардың жұмыс барысында тез байқауға болады, ал мұғалімнің кәсіби шеберлігі – ұзақ жігерлі еңбектің жемісі. Сондықтан педагогтердің қателігі дәрігерлер секілді тез байқалмайды, бірақ бұл кемшіліктер қоғамда өте үлкен із қалдырады.

1995 жылы ашылған «Болашақ» мектеп-интернаты облыс бойынша соқыр және нашар көретін 97 баланы оқытып, тәрбиелеуде. Ұлттық құрамы әр түрлі. Оқу үрдісі қазақша жүреді. 27 бала Лүй Брайлль жүйесімен, 9 бала психикалық дамуы тежеулі бағдарламамен, 4 бала көмекші бағдарламамен, қалған балалар жалпы оқу бағдарламасымен оқиды.

«Болашақ» мектеп-интернаты педагогтарының алдына қойған мақсаты: көру қабілеті зақымданған балаға мамандандырылған түзету көмегін беру, жан-жақты шығармашыл белсенді тұлғаны дамыту арқылы әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Мектеп-интернат әр балаға диагнозына байланысты жеке дифференциалды көмек көрсетеді.

Мектеп-интернатта балаларға арнайы тифло-техникалық құрал-жабдықтары бар кабинет, сенсорлық кабинет, ойнау және сауықтыру бөлмелері бар. Емдік шаралар жүргізетін офтальмолог, педиатр дәрігерлері және медбикелер бар. Баланың күндіз-түні денсаулықтарын күтіп-баптауда осы мамандардың жасап жатқан еңбектері үлкен. Балаларымыз тек білім нәрімен сусындап қана қоймай, ән айтуға, сурет салуға, қолөнерге, спортқа өте бейімді-ақ.

Мектебімізде би, домбыра, шахмат, қолөнер, қылқалам, тоғызқұмалақ үйірмелері жұмыс істейді. Балалар үйірмелерге қызығушылықпен қатысып, биіктерден көрінуде.

Көруінде ақауы бар балалардың көпшілігі өзіне сенімсіздігімен, қоршаған ортаға салқын, енжарлықпен қарауымен ерекшелінеді. Олардың осы кемшіліктерін ескере отырып, баланың қызығушылығы мен қабілеттеріне арналған жеке жұмыс түрі құрылған. Жеке жұмыстың сапасы әр баланың қабілетін бағалауға әкеледі. Оқушылардың қызығушылығын, қабілеттерін дамыту үшін жоспарланбаған жүйесіз сабақтар жүргізуге болмайды.

Оқыту мен тәрбиелеуде ұжымдық жаттығулар, ойындар, көптеген саяхат сабақтары ұйымдастырылады.

Өйткені бұл жерде баланың тез жалығып, шаршамауы қарастырылған. Мүмкіндігінше логикалық жаттығулар жүргізіледі. Сабаққа қызығушылықтың болуы ойлау белсенділігін арттырады, зейінді ынталандырып, жан толғанысын тұрақтандырады.

Пәнаралық байланысты мейлінше кеңейту мақсатында кіріктірілген сабақ түрлері оқу жоспарына ендірілген. Математика мен кеңістікті бағдарлау, гуманитарлық пәндер мен мимика және пантомимика, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау мен еңбек сабақтарының байланысын нығайту өте пайдалы. Бұл бағыт балаларға сабақтардағы тақырыпты жете түсіну және сабақты бекіту кезеңдерін бірнеше рет қайталауға көмектеседі.

Бала қызығушылығын ояту үшін сабақ бейнелі болу керек: ол тұлғаны еңбекке баулиды, қол моторикасының дамуына ықпал етеді. Балаға дер кезінде көмек көрсетілсе, мадақтап, марапаттаса оның көңілі тұрақтанады, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ынталанады және жаңа жағдайларға бейімделгіш болады.

«Зағиптың қолында болмаған нәрсе, оның есінде де болмайды» деген қағиданы басшылыққа ала отыра, күнделікті оқу процесінде оқушы тақырыпты толық меңгеруі үшін сезу қабілеттеріне арналған әр түрлі материалдар үлгілерінің жиынтығын пайдаланамыз. Қолдан жасаған әр түрлі геометриялық фигураларды, конструкторларды, табиғи материалдарды қолдарымен ұстап, сезінуі арқылы бала тақырыпты толығымен түсініп, меңгереді. Қол саусақтарының майда бұлшық еттерін және шамалауды дамыту үшін алуан түрлі дидактикалық ойындар жүргізіледі.

Сабақ үстінде баланың тақтаға жақындауына рұқсат беріледі әрі көрнекі құралдардың жасыл және сарғыш түсті болуы ескеріледі. Л. Брайлль жүйесімен жазылған оқулықтарды ата-аналармен, соқырлар қоғамымен бірлесе жасаймыз, себебі зағип оқушыларға бағдарлама бойынша жазылған оқулықтар өте аз деп айтуға болады.

Зағип және көру қабілеті зақымдалған балалар үшін қазіргі заманға сай жоғары деңгейде жүргізілген түзету-педагогикалық көмек баланың қоғамда

өзін толыққанды азамат ретінде сезінуіне әкеледі. Жоғары деңгейдегі түзетудің нәтижесі – бұл көру кемістігінің орнын толтыру, яғни компенсация.

Сындарлы оқыту бағытында Кембридж университетінің ұйымдастыруымен жүргізіліп жатқан Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру деңгейлік бағдарламасын 2 мұғалім I-ші деңгей, 1 мұғалім II-ші, 3 мұғалім III-ші деңгей бойынша оқыды. Деңгейлік күрстан өткен мұғалімдер күнделікті сабақтарын 7 модуль бағытында ұйымдастырып, сыныптағы оқытуды қалай жақсартуға болатынына басты назар аударады. Әріптестеріне тәлімгерлік ету мақсатында коучингтер жүргізеді.

Инновациялық жаңалықтың енуі төменнен басталып, өзін-өзі бақылауға айналса ғана нәтиже жоғары болмақ. Көп мұғалімдер сындарлы оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерімен түрлендіріп сабақ өтуге дағдыланды.

Жыл сайын өтетін облыстық «Өнерім бақытым», «Жарық» және республикалық «Жұлдызай» фестивальдерінде мектеп-интернат тәрбиеленушілері жүлделі орындарды иеленіп, «Балдәурен» сауықтыру орталығында өз денсаулықтарын түзейді.

Ой өрісі дамыған және психикалық дені сау балаларды тәрбиелей отыра, біз егеменді еліміздің болашақ азаматын яғни, біздің балаларымыз өмір сүретін қоғамды тәрбиелейміз.

Г. Ж. ТОЙШЫМАНОВА,

Соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектеп-интернатының директоры

АННОТАЦИЯ ○

Директор областной школы-интерната для слепых и слабовидящих детей рассказывает об организации коллективных, логических упражнений, игр, выездных уроков с участием окружающей среды и семьи, что обеспечивает полную интеграцию индивидуальных потребностей особенных детей в образовательный процесс. Также на современном этапе развития системы специального образования актуальной проблемой рассматривается коррекционная работа с детьми с ограниченными возможностями здоровья.